**Білім алу азабы уақытша, ал білімсіздік азабы мәңгілік**

**Гарвард студенттерінің кеңестері**

# Орта мерзімді жоспарлау




Маршрут
картасы

## Мақсатыңыздың мынандай қасиеттері болсын:

**Нақтылық**

- Өзіңіз не қалайтындығыңызды анық білмесеңіз, нәтижеге жету өте қиын болмақ. Мақсаттарыңызды нақтылаңыз.

**Мақсат өлшемі**

- Мақсатыңыз қай жағдайда орындалады? Мақсатыңызға өзіңізше өлшем бірлік беріп, шкала құрыңыз.

**Қолжетімділігі**

- Бұл қасиет мақсат пен арманның бірден-бір айырмашылығы. Армандарыңыз орындалмастай болуы мүмкін, алайда мақсатыңыз қол жеткізе алатындай болуы керек.

**Шынайы**

- Жұмысыңызды жақсарту үшін қойып отырсыз ба?

**Орындалу уақыты**

- Әр мақсатқа өзінің уақытын тағайындап, мақсатты сол кезде орындауға тырысыңыз. Мерзімі жоқ мақсат сол бетінше кейінге қала береді.

# Мақсат қоя білу де өнер

# Жеті модуль

1. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер
2. Сын тұрғысынан ойлауға үйрету
3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау
4. Білім беруде АКТ пайдалану
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту
7. Білім берудегі басқару және көшбасшылық

# Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдер

Нәтижесі:

-Жұмысына қызығушылық танытады;
-Жоғары нәтижеге жетуге ұмтылады;
-Озық ойлы оқушы қалыптастырады;
-Шығармашылық бағытта жұмыс жасайды;
-Жеке қабілеттерін айқындап отырады;
-Әр оқушының ізденімпаздық қабілеті дамиды;
-Жұпта ,топта бірлесіп жұмыс істей алады;
-Бір – бірінің сөзін тыңдап , құрметтеуге үйренеді;
-Оқушының жеке қабілеті айқындалады;
-Еркін қиялдайды, сергиді.

-

# Диалогті оқыту

Нәтижесі:

- барлық оқушылар сабаққа белсенді қатысады;
- барлық оқушылар өздерін еркін сезінеді;
- олар бір нәрсені қате айтамыз деген қорқыныштан арылады;
-жауапты бірлесіп іздейді, жолдастық көмек, бір- біріне деген жауапкершілік сезімі пайда болады;
-сабақ оқушы үшін, мұғалім үшін де пайдалы болады;

ең бастысы олар бір- біріне қатты әсер етеді, бір-бірінен үйренеді және бірін-бірі үйретеді.

# Диалогті оқытуда қолданылатын стратегиялар:

“Рубрикалар құру”
“Постермен жұмыс”
“Стикерлермен диалог”
“Үш қадамдық сұхбат”
“Бұрыштар” пікірталасы
“Сен-маған, мен-саған”

# Сын тұрғысынан ойлау

Нәтижесі:

- барлық оқушылар сабаққа белсенді қатысады;
- барлық оқушылар өздерін еркін сезінеді;
- олар бір нәрсені қате айтамыз деген қорқыныштан арылады;

-жауапты бірлесіп іздейді, жолдастық көмек, бір-біріне деген жауапкершілік сезімі пайда болады;

-сабақ оқушы үшін, мұғалім үшін де пайдалы болады;

ең бастысы олар бір- біріне қатты әсер етеді, бір-бірінен үйренеді және бірін-бірі үйретеді.

# Сыни ойлауда қолданылатын стратегиялар:

“Атаулар көмегімен болжау”

“Фишбон немесе балық қаңқасы”

“Бес жолды өлең немесе синкуейн”

“РАФТ”

“Жүрек кардиограммасы”

“Т кестесі”

# Оқу үшін бағалау және оқытуды бағалау

Нәтижесі:

- Ең алдымен өзін-өзі бағалауды үйренеді;
- бір-біріне сыни баға береді;
- Топ көшбасшысы топ мүшелерін бағалайды;
-Критерийлер арқылы бір сабақта бірнеше қырынан бағаланып, қорытынды баға шығарады

# ОүБ қолданылатын стратегиялар:

“Екі жұлдыз, бір тілек”

“3,2,1”

“+,-,?” плюс, минус,қызықты

“Біреуін бер де, біреуін ал”

“Бас бармақ”

“Соңғы сөзді мен айтамын”

# Оқыту мен оқуда ақпараттық - коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану

Білім беру саласындағы көп қолданыста жүрген АКТ құралдары:

-Интерактивті тақта;
-Мультимедиа;
-Интернет кеңістігі;
-Электронды оқулық.;

# Талантты және дарынды балаларды оқыту

Нәтижесі:

-Дарынды оқушымен  жеке дара жұмыс жүргізіледі;

- Жоба жұмыстарына тартылады;

- Ғылыми байқауларға қатысады;

-Көшбасшылық қыры ашылады

# Жас ерекшелігіне сай оқыту

Нәтижесі:

- Оқу барысында сыныпта
жасы кіші оқушыны анықтап, жас ерекшелігіне байланысты тапсырмаларды беру көзделген, оқушымен жекелей жұмыс жасау

# Оқытуды басқару және көшбасшылық

Нәтижесі:

- Шағын топтарда жұмыс жасату арқылы көшбасшылықты анықтау, оқушыны көшбасшылыққа жетелеу, баланың көшбасшылығын көре білу, үлкен топтарға көшбасшылыққа ұмтылуға бағыттау және оқытуда мұғалімнің көшбасшылығы

# Екі жұлдыз, бір тілек!!!



*Бүгінгі сабақта не ұтымды болды?*
*Не ұнады?*



Келесі сабақты өткізуге қалай атсалысар едің?

*Тілегіңді жаз*

# Бағдаршам



Түсінбедім

Онша түсінікті болмады

Түсіндім

# Бағдаршам

Маған көмек керек

**Мен жартылай орындадым**

Мен жақсы орындадым



# Бас бармақ



# Бас бармақ



# Біз бәріміз біргеміз!





- Сабақта бәрінен де не ұнады?
- Сен нені  үйрендің? Бұрын не істей алмағандарыңнан қазір не істей аласың?
- Нені жақсырақ істей аласың?

Қаншалықты жақсы?

- Оқытудың қай бөлігі сен барынша тиімді болды?
- Егер дәл осы сабақ басқа топқа өткізілсе, нені өзгертер едің?



- Қандай жетістіктерге жеттің?
- Көңіл күйің қандай?
- Кімге көмектестің?
- Неден қиналдың?
- Не

# Бес саусақ



# Ойлан, тап!

Әр топ өз жәшігіне тарау, тақырып бойынша 10 сұрақ салады. (Тест түрінде берілсе де болады) Мұнда қойылған сұрақ мазмұны да ескеріледі. Жәшіктер алмастырылып, сұрақтарға жауаптар жазбаша түрде беріледі. Сосын жәшіктер топқа қайтарылады. Топ мүшелері бағалайды.





# Құпия сандық

Оқушылар сабақтың соңында өтілген сабақтың мазмұнына өз бағаларын береді. Келесі, өз ұсыныстарын яғни, сабақтың қандай формада өткізілгенін қалайтынын, өз ой, пікірлерін білдіреді. Оны тек пән мұғалімі ғана оқып, ойға қонымдысы ескеріледі.





# Қар кесегі

**Мақсаты**:

Келіссөздерді, бірге алаң болу және негіздеуді қолдануға көмектеседі.

**Ұйымдастыру**:

Қозғалуға және араласуға ыңғайлы болу үшін үлкен кеңістік қажет. Немесе, оқушылар партаның айналасына топтар құрып, тиісінше орындықтарды қозғалта алады.

**Жаттығудың сипаттамасы:**

Біріншіден, оқушылар жеке жауап берулері керек. Кейін жұп ақылдасып, олардың екі жауабын бір жауап етіп үйлестіреді. Кейін жұптар басқа жұптармен бірігіп, үдерісті қайталайды. Осылайша төрт жауап бір жауап болып біріктіріледі.

**Мысалы.** Бірінші оқушы мінсіз өмір үшін үш зат таңдайды.

Кейін жұптар талқылап, 6 жауаптан тек үшеуін таңдайды.

Сосын 4 оқушы дәл солай алтыдан 3 затты таңдайды.



Мазмұнға оралу

# Жұптық әңгіме

**Мақсаты**:

Идеяларды  құрастырып, белсенді тыңдап, бар ойын талқылауға шоғырландыруға  мүмкіндік береді. Жұптарды қолдану оқушыларға сөйлеуге және үлкен топтарда өзін сенімсіз  сезінетін оқушыларға көмектесуге мүмкіндік береді.

**Ұйымдастыру**:

Талқылау кезінде басқа жұптармен қосылып талқылаудан сақтап қалу үшін жұптар арасында аз да болса  ара-қашықтық сақтаған дұрыс әрі тиімді болмақ.

**Жаттығудың сипаттамасы:**

Оқушылармен талқылау үшін  ынталандыратын немесе  арнайы сұрақтар мен тақырыптарды қолданыңыз. Белсенді тыңдап, жауап беруге жетелеңіз. Тақырыпты белгілеу  үшін  А мен Б атаңыз ( мысалы, А тыңдайды, ал Б сөйлейді, кейін  керісінше). Оқушылардан  олар жеке жауап алғысы келетін сұрақ қоюды  сұраңыз, кейін бұл сұрақ жұпта талқыланады. Әр жұпқа мақсат қойыңыз  – мысалы, мынаған жауап беріңдер.

Толығырақ:

http://www.teachingenglish.org.uk/language-assistant/primary-tips/working-pairs-groups



Мазмұнына қайта оралу

# Тыңдап отырған үштік

**Мақсаты**:

Бұл әңгіме тақырыбының тұжырымдамасын және үдерісті түсінуді дамытатын ақпарат алуға арналған құрылымдалған жаттығу.  Сондай-ақ бақылаушы рөлі арқылы өзін өзі сараптауды дамытуға ықпал етеді.

**Ұйымдастыру**:

Оқушылар үшеуден отырады, екеуі бірге, ал біреуі оларға қарсы сәл алшақта –  сөйлесуге қатыспайды, бірақ бақылайды.

**Жаттығудың сипаттамасы:**
Оқушылар топта үшеуден отырады. Әр оқушы шешен, тілші және хатшы рөлін атқарады. Шешен бір нәрсені айтады, сұрақты түсіндіреді  немесе пікірін білдіреді. Тілші көмектесіп айтып отырады және түсініктеме беруді сұрайды. Хатшы қажетті жерлерін түртіп алып, әңгіме соңында қорытынды береді. Келесі жолы рөлдер ауысады. (ақпарат көзі   Толығырақ:

http://www.ltscotland.org.uk/glossary/l/listeningtriads.asp?strReferringChannel=learningaboutlearning

http://www.at-bristol.co.uk/cz/teachers/Debate%20formats.doc)



Мазмұнға оралу

# Өкіл

**Мақсаты:**

Белсенді тыңдау, қауым алдында сөйлеу  және  анық баяндау, тәжірибе алмасу және өзара байланысты болу.

**Ұйымдастыру**:

Топтарды сынып бойынша үш-төрттен орналастыру.

**Жаттығудың сипаттамасы:**
Топтар тапсырмаларды орындап болғаннан кейін топтың бір адамы «елші» болып сайланады да, зерделенген материалды түсіндіру және жинақтау, бұл туралы жаңа топтың ойын, бір шешімге келгенін немесе жетістікке жеткенін білу үшін басқа топқа барады. Бұдан кейін елші өз тобына қайтып оралып, білгендерін айтып береді. Бұл – шаршататын және бір сарынды «баяндама жасалатын», мезі қылатын сабақтардан құтылуға мүмкіндік беретін тамаша әдіс. Сондай-ақ бұл әдіс елшінің тілді қолдану шеберлігін көрсетеді, әрі белсенді тыңдаушылар тобын қалыптастырады. (ақпарат көзі http://www.at-bristol.co.uk/cz/teachers/Debate%20formats.doc)

Толығырақ:
http://schools.norfolk.gov.uk/index.cfm?s=1&m=1146&p=412,page&id=263




Мазмұнға оралу

# Джигсо

**Мақсаты:**

Сұрақтар топтамасымен жұмыс істеудің құрылымдалған тәсілі және топта жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

**Ұйымдастыру**:

Оқушыларды сынып бойынша үш-төрттен орналастырыңыз.

**Жаттығудың сипаттамасы:** «Джигсо» әдісінің артықшылығы – топта жұмыс істеуге арналған құрылым ұсынып, сөйлеу және тыңдау дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететіндігі.
• Мұғалім сыныпты шағын топтарға бөледі (әдетте, төрт адамнан). Мұғалім оларды сыныптың тепе-теңдігін сақтай отырып, жынысына, қабілетіне, қарым-қатынастарына қарап бөледі.
• Құрылған *әр топқа* дәстүрлі тапсырма беріледі. Тапсырма үлестірме материалдар түрінде таратылады. Күрделілігі бойынша оқуға арналған материалдің тиісті күрделілік деңгейі сақталуы керек. Егер топ төрт адамнан тұратын болса, басты тапсырманың ішінде топтың әр мүшесіне бір сұрақтан төрт сұрақ немесе тапсырма болады. Сұрақтар немесе тапсырмалар топ ішінде оқушылардың өзара келісуі арқылы бөлінеді.
• Нақты бір сұрақты немесе тапсырманы таңдаған оқушылардың барлығы *Сарапшы топ* деп аталатын жаңа топ құрылып, ортақ проблеманың шешімін табу үшін олар бірлесіп жұмыс істейді. Тапсырманы орындаудың бұл кезеңінің соңына қарай оқушы өзге «сарапшылармен» өзара қарым-қатынас жасап, мәселені талқылаудың арқасында өз сұрағы бойынша сарапшы болып қалыптасады.
• Оқушылар бастапқы топтарына қайтып оралады. Материалдар таратылады да, бастапқы топтарға ақтық тапсырма беріледі. Ол ұжымдық қорытынды шығару немесе жеке тапсырма болуы мүмкін. Бұл тапсырманың көздегені: тапсырманы сәтті аяқтау үшін оқушылар әрқайсысының сарапшы топта болған кезде алған мәліметтерін ескере отырып, бастапқы топтың бірлескен «ақылына» сүйенуін қамтамасыз ету (ақпарат көзі

http://www.athttp://www.at-http:/ ... %20formats.doc)



Мазмұнға оралу

Find Out More: http://serc.carleton.edu/introgeo/cooperative/jigsaw.html

# Ыстық орындық

**Мақсаты**:

Біреуге алаңдаушылық танытуды ынталандыруға, мазмұнды «түсінетіндігін» түсінуге арналған драмалық тапсырма.  Сұрақтар ды зерделеп, ұстанымдарды  негіздеуге  мүмкіндік береді.

**Ұйымдастыру**:

Бір  оқушы  алдыңғы жақта, орындықтар  доға  болып қойылған .

**Жаттығудың сипаттамасы:**
Бір оқушы алға шығып өз пікірін айтып  және тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Сұрақты  анағұрлым мазмұнды  қылу  үшін, оқушылар  белгілі бір  пікір бойынша  бірлесіп  алға шығып  сөйлей  алады. Мысалы,  оқушылар  белгілі бір  рөлді  немесе  адамды  сомдай  алады (мысалы, Гордон Браун немесе   жалғыз  басты жас ана).

Толығырақ:
http://www.thinkinghistory.co.uk/ActivityModel/ActModHotSeat.html



Мазмұнға оралу

# Қашықтықтан басқару

**Мақсаты**:

Кінәмшіл, эмоционалды немесе қайшы келетін сұрақтармен жұмыс жасау.

**Ұйымдастыру**:

Арнайы еш нәрсе керек емес.

**Жаттығудың сипаттамасы:**

Оқушыларды кінәмшіл ,эмоционалды немесе қайшы келетін тақырыптардан қашықтықта ұстау үшін әңгіме, драма, рөлдік ойынды және т.б. қолданыңыз. Мысалы, жоғалту/айрылу кезіндегі сезімдерін ашық талқылауды сұрағанның орнына, одан да жоғалтқан жас жігіт атынан айтылған әңгімені қолданып, сосын оқушылардан оның не сезінгенін талқылауды сұрауға болады.

Толығырақ: [http://www.bbc.co.uk/northernireland/learning/eyewitness/learning/pdfs/tr_difference.pdf](http://www.bbc.co.uk/northernireland/learning/eyewitness/learning/pdfs/tr_difference.pdf) ( 2 сабақ)




*Сен бөлініп барасың, солай емес пе?*

[Мазмұнға оралу]

# Алтын балыққа арналған аквариум

**Мақсаты**:

Топқа идеяларын ұсынуға мүмкіндік береді, негіздеу қабілетін , сараптамалықсұрақтар қоюды, идеялар алмастыруды дамытады.

**Ұйымдастыру:**

Топқа арналған орындықтар ортада, сыныптың қалған бөлігі тыңдаушылар ретінде отырады.

**Жаттығудың сипаттамасы:**

Барлық сынып алдында өз пікірін білдіргені болмаса, қалған жағдайда «ыстық орындық» сияқты. Олар алтын балыққа арналған аквариумда отырады, басқалары оларға сұрақ қойып, түсініктеме беруді талап ете алады және т.б.

Find Out More http://www.xpday.org/session_formats/goldfish_bowl



Return to contents

# Ақылдың алты қалпағы

**Мақсаты:**
Мәселені барынша мұқият талқылап, баланың жалпы ойлау қызметін жетілдіру үшін ойдың/сананың түрлі аспектілерін жандандыру мақсатында қолданылатын әдіс.

**Ұйымдастыру**: Арнайы еш нәрсе жоқ

**Жұмыс алгоритмі :** Алты қалпақтың әрқайсысы ойлаудың түрлі элементтерін, аспектілерін білдіреді. Оқушыларға қалпақ беріледі (рас қалпақ немесе ойдан шығарылған) де, олардан мәселені талқылау барысында барлық ой операцияларын (ойлану, талдау т.б.) осы қалпақтың түсіне сәйкес келетін шекте жүргізу сұралады. Бұл әдістің көздегені: осылайша мәселенің немесе ойдың барлық аспектілерін қамтитын карта жасау. Сынып топтарға бөлініп, бір топқа бір түсті қалпақ беріледі. Мұғалім әңгімені жүргізеді.




Толығырақ: http://en.wikipedia.org/wiki/Six_Thinking_Hats

Мазмұнға оралу

# Еркін әңгіме

**Мақсаты**:

Оқушының жауапкершілігін, көшбасшылығын ынталандырып, мұғалімнің материалды қайтадан пайдалануын болдырмауды көздейтін әдіс.

**Ұйымдастыру**:

Топтар немесе барлық  сынып, шеңбер, үстел  немесе орындықтар.

**Жаттығудың сипаттамасы:**

Бұны шағын топта, сондай-ақ бүкіл сыныппен орындауға болады. Құрылымы болмағандықтан, бұндай  әңгіме барысында оқушыларға көмек керек болуы мүмкін. Көмекті мұғалім көрсете алады, бірақ жұмыс топтарда жүрсе, мұғалім барлық топқа үлгермеуі мүмкін. Аталған мәселені шешудің тағы бір жолы: бір оқушыдан көмекші болуды сұрауға болады, бұл техника оқушылар үйлестірушінің өзін қалай ұстауы қажеттігі туралы тәжірибеден өткеннен кейін, олармен осы рөлдің негізгі аспектілерін талқылауға мүмкіндік береді.

**(Ақпарат көзі** http://www.at-ristol.co.uk/cz/teachers/Debate%20formats.doc)



Мазмұнға оралу

# Стикердегі диалог

**Мақсаты**:

Көпшілік алдында «сөз сөйлеу» қажеттілігі жоқ ашық пікірталас жүргізу арқылы визуалды, кинестетикалық және тыңдау аспектілерін дамытудағы тиімді әдістердің бірі. Талқылауға арналған маңызды тақырыптың болғаны жақсы.

**Ұйымдастыру**:

Әр оқушыға стикерлер, жүріп-тұруға арналған орын қажет.

**Жаттығудың сипаттамасы:**

Бұл әдісті қолданудың әртүрлі жолдары бар. Айталық: қабырғаға немесе тақтаға пікірлер немесе сұрақтар жазылған бірнеше түрлі-түсті қағаз ілінеді, болмаса оларды үстелдің үстіне қоюға болады. Оқушылар оларды оқып, стикерлерге өз ойларын жазып қалдырады. Екінші жолы: 3/4/5 адамнан тұратын топтар стикердегі сұрақтарға жауап береді немесе ол жөніндегі өз ойларымен бөлісіп, талқылап, стикерге өз ойларын жазады, кейін пікірлерін қорғайды. Оқушылар стикерлерде өз пікірлерін/эмоцияларын білдіре алады.




[Return to contents]

# Үш қадамдық сұхбат

**Мақсаты**:

Идеялар мен ойларды дамытудың құрылымдалған әдісі.

**Орналастыру**:

Сыныптағы оқушылар шағын топтарға бөлінеді. Сыныпта шағын топтармен жұмыс істеуге қолайлы жағдай жасалуы керек.

**Жұмыс алгоритмі:**

Төрт адамнан тұратын топтарды жұптарға бөліңіз: А және Ә, Б және В.
1-қадам. А Ә-дан сұхбат алады, ал Б В-дан сұхбат алады.
2-қадам, керісінше. Ә А-дан сұхбат алады, ал В Б-дан сұхбат алады.
3-қадам. Әр оқушы өз жұбы туралы ақпаратпен төрт адамдық топ ішінде бөліседі.

(Ақпарат көзі http://drscavanaugh.org/discussion/inclass/discussion_formats.htm )

Толығырақ: http://its.guilford.k12.nc.us/act/strategies/three_step_interview.htm



Мазмұнға оралу

# Алтын сақа

Бұл әдіс сыныптағы немесе топтағы **көшбасшыны** анықтау мақсатында қолданылады. Сынып (топ) мүшелеріне ортақ сұрақтар (ситуация) беріледі. Сол сыныпты (топты) алға алып шығу шеберлігі байқалу керек.






# Арқан тарту



Топтық сайыс: топ бір- біріне тапсырма, сұрақ дайындап, жауап арқылы білімін бағалау. Мұнда топ мүшелеріне сұрақтар немесе тапсырмалар беріледі. Жауап мазмұны, дәйектілігі ескертіледі. Жауаптар дұрыстығына, нақтылығына байланысты топ мүшелері бағаланады.

# Көкпар



Топтық тапсырма: сұрақ- жауап арқылы білімін бағалау. Мұнда топ мүшелеріне сұрақтар қойылады. Жауап мазмұны, дәйектілігі ескертіледі. Сұраққа дұрыс жауап берген адам шарик (1 бал) алады. Көп шар жинаған адам- көшбасшы.

# Аударыспақ



Жұптық тапсырма: сұрақ- жауап арқылы бір- бірінің білімін бағалау. Мұнда сұрақтың мазмұны, жауап мазмұны, дәйектілігі ескертіледі. Екеуіне де тең бөлініп шариктер беріледі. Сұраққа дұрыс жауап берген адам шарик алады, ал жауап дұрыс емес болған жағдайда немесе сұрақ қоя алмаған жағдайда өзі бір шариктен айырылады.

# Даналық ағашы









Мұнда оқушылар өздерінің сабақ соңындағы көңіл- күйін, сабақ жайындағы көзқарасын стикерлерге жазып, “Даналық ағашына іліп қояды”

# Даналық ағашы



Мұнда оқушылар өздерінің сабақ соңындағы көңіл- күйін, сабақ жайындағы көзқарасын стикерлерге жазып, “Даналық ағашына іліп қояды”

# Түртіп алу әдісі

| “V” | “t” | “-” | “?” |
|---|---|---|---|
| Бұрыннан білемін | Жаңа ақпарат | Мен ойлағандай емес | Білгім келеді |
| | | | |

# *INSERT әдісі*

| Мен көп білдім | Мен көп білген жоқпын | Мен аз білдім |
| --- | --- | --- |
| | | |

# Т - кестесі

| Ұтымды бейнелер | Сәтсіз бейнелер |
|---|---|
| | |

***Ой толғау сатысына жатады 3- кезең***
***“Соңғы сөзді мен айтамын” стратегиясы***

# Үш қадамды сұхбат әдісі
# А, В, С

А : 1- қадам (оқиды, түсіндіреді)

В: 2- қадам (оқиды, түсіндіреді)

С: 3- қадам (оқиды, түсіндіреді)

# Бес жолды өлең

| | |
|---|---|
| **1-жол (1 сөз)** | Тақырыпты сипатайтын сөз |
| **2-жол (2 сөз)** | **Сапасын көрсетіп, негізгі мәселені сипаттайтын 2 сын есім** |
| **3-жол (3 сөз)** | **Тақырып бойынша іс- әрекетті көрсететін 3 етістік** |
| **4-жол (4 сөз)** | **4 сөзден тұратын тақырыпқа қатысты, тақырыпты ашатын, сезім, көзқарасты білдіретін сөйлем** |
| **5-жол (1 сөз)** | **1 сөз тақырыпты айқындайтын 1- сөзге синоним сөз** |

# КУБИЗМ

6 сұрақ



# Етістіктер

| Мақсаттар | Пайдаланылатын етістіктер |
|---|---|
| ***Білім*** | *еске түсіру, анықтау, мақұлдау, қайталау, атау, әңгімелеу, ұсыну, табу* |
| ***Түсіну*** | *қайта қарастыру, сәйкестендіру, талқылау, тарту, мойындау, қайта қарау, түсіндіру, әңгімелеу, айқындау* |
| ***Қолдану*** | *көрсету, тағайындау, орындау, суреттеу, қолдану, пайдалану, айналысу* |
| ***Талдау*** | *ажырату, саралау, үміт арту, даулау,жатқызу, салыстыру, тәжірибеден өткізу, қарама-қарсы қою, зерделеу* |
| ***Жинақтау*** | *тұжырымдау, оқыту, әзірлеу, дамыту, қайта анықтау, ұсыну, жасау* |
| ***Бағалау*** | *жорамалдау, бағалау, таңдау, баға қою, анықтау, санау, өлшеу, айыптау* |

# Сұрақтар

| Ойлау деңгейі | Сұрақтар үлгілері |
|---|---|
| ***Білу және түсіну*** | Не? Кім? Қашан? Не …. үлгісі болып табылады? …. не тұспалданады? …. басқаша қалай түсіндіруге болады? …. бұл үлгі боп табыла ма? Мен мұны өз сөзіммен сипаттай алам ба? |
| ***Қолдану*** | Бұл қалай пайдаланылады? Бұл немен байланысты? … қандай жағдайларда? |
| ***Талдау*** | Неге? Қалай? …. себебі не болып табылады? Қорытынды үшін не нәрсе дәлел? ...себебі қандай? …бір-бірімен қалай үйлеседі? |
| ***Жинақтау*** | Егер бұл іске асатын болса, осыдан кейін не болады? Теорияның болжамы іске аса ма? Алынған ақпарат негізінде қандай қорытынды жасадым? Бұл онымен қалай байланысты? |
| ***Бағалау*** | Бұл жақсы ма және неліктен? Бұл қисынды ма және не себепті? |

# Тапсырмалар

| | | |
|---|---|---|
| **Білу** | Қай жылы болды? Қайда болды? Қалай болды? Формуласын жазыңыз. Атап көрсетіңіз. | 1-2 ұпай |
| **Түсіну** | Сөйлемді аяқтаңыз. Не білдіңіз? Неліктен? Сөйлемді өзгертіңіз. Өзара байланысын түсіндіріңіз. Өз сөзіңізбен айтыңыз. | 3-4 ұпай |
| **Қолдану** | Бірнеше тәсілмен шешіңіз. Құбылыстың негізін түсіндіріңіз. Жорамалды тексеріңіз. Қорытынды жасаңыз. | 5-6 ұпай |
| **Талдау** | Құрылымы қандай? Топтастырыңыз. Салдары не? Салыстырыңыз. Бөліктерге бөліңіз. Себебін талдаңыз. | 7-8 ұпай |
| **Топтау** | Өз шешеміңізді көрсетіңіз. Алгоритм ұсыныңыз. Баламасын табыңыз. Бөліктерден құраңыз. Жүйелеңіз. Зерттеңіз. | 9-10 ұпай |
| **Білімді бағалау** | Қосынды ойды бағалаңыз. Жетістіктерін атаңыз. Өлшемдерін көрсетіңіз. Сәйкестігі қандай? Қаншалықты дұрыс? Өз ойыңыз? | 11-12 ұпай |

# САУАЛНАМА

1.СІЗГЕ КОУЧИНГ САБАҒЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ ТҮСІНІКТІ БОЛДЫ МА?

ИӘ ЖОҚ

ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР

2. СІЗ БҰЛ МАҚСАТТАР СІЗДІҢ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІҢІЗГЕ СӘЙКЕС КЕЛЕТІНІН МОЙЫНДАЙСЫЗ БА?

ИӘ ЖОҚ

ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР

3. СІЗГЕ ОҚЫТУ МЕН ОҚУДАҒЫ ЖАҢА ТӘСІЛДЕР ҰСЫНЫЛДЫ МА?

ИӘ ЖОҚ

ОЛАР ҚАНДАЙ БОЛДЫ?

**4. КОУЧИНГ САБАҒЫ КЕЗІНДЕ СІЗ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ СЕЗІНДІҢІЗ БЕ?**

**ИӘ ЖОҚ**

**НЕГЕ?**

**5. КОУЧИНГ САБАҒЫ КЕЗІНДЕ ЖАҢА БІРДЕҢЕ ҮЙРЕНДІҢІЗ БЕ?**

**ИӘ ЖОҚ**

**НЕ ҮЙРЕНДІҢІЗ?**

**6. ЖАҢА ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНҒАНДА СІЗДІҢ СЕНІМІҢІЗ АРТТЫ МА?**

**ИӘ ЖОҚ**

**ҚАЛАЙ?**

**7. КОУЧИНГ САБАҒЫ СІЗДІ ӨЗІҢІЗДІҢ ОҚЫТУ МЕН ОҚУ ТӘЖІРБИЕҢІЗГЕ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУГЕ ЖІГЕРЛЕНДІРДІ МЕ?**

**ИӘ ЖОҚ**

**ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР?**

## Адамның қиялы шексіз

Төзім мен көне білу қабілеті өте маңызды қосымшалар саналады, өйткені, олар өзіңізден бөлек өзгенің ойын тыңдауға, өзгенің ой-көзқарас деңгейін түсінуге үйретеді.

Келісімге келу адамнан батыр жасамайды, бірақ, бұл демократия орнатуға, сосын нағыз көшбасшыға айналуға көмек қылады.








naqyl.kz

Бұл дүниенің дамуына үлес қосу үшін жүрміз.
Әйтпесе бұнда не істеп жүрміз?

Стив Джобс

**Тапқыр,**
**сыншыл,**
**оптимист,**
**сезімтал ,**
**салмақты,**
**табысты,**
**білімді,**
**ақылды,**
**бақытты**
**болыңыздар!**

